

Жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 34 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 15 сәуірде № 10730 тіркелді.

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 1-тармағының 19-12) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 18.10.2022 № 388/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (С.С. Сарсенов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада бекітілген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнынның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында жариялануын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі А.Қ. Жұмағалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап жиырма бір күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

A. Paу

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 30 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрі

_____ И. Тасмағамбетов

2015 жылғы 23 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрі

_____ Е. Ыдырысов

2015 жылғы 26 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

төрағасы

_____ Н. Әбіқаев

2015 жылғы 17 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 13 наурыз

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
міндетін атқарушысының
2015 жылғы 21 қаңтардағы
№ 34 бұйрығымен
бекітілген

Жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағида жана редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 24.02.2022 № 64/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 19-12) тармағына, 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді. Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының жобасын дайындайды және жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдарды пайдалану тәртібін айқындайды және жоғары жиілікті құрылғылардың (бұдан әрі – ЖЖҚ), сондай-ақ азаматтық мақсаттағы РЭҚ-тың электромагниттік үйлесімділігінің (бұдан әрі – ЭМУ) есебін жүргізу тәртібін белгілейді.

Осы Қағидалардың талаптары байланыс қызметтерін көрсететін және (немесе) өндірістік қызметте РЭҚ және (немесе) ЖЖҚ пайдаланатын барлық жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) қолданылады.

Қағидаларда Халықаралық электр байланысы одағының Радиобайланыс регламентінің ережелері ескерілген (International Telecommunication Union, ITU, Женева 2012 жыл).

Осы Қағидаларға 51-тармақты қоспағанда, осы Қағидалардың қолданысы:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар тізбесінде айқындалған РЭҚ және ЖЖҚ-ға;

2) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің радиожіілікпен қамтамасыз етуіндегі мемлекеттік органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың РЭҚ-ға және ЖЖҚ-ға;

3) радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдарына таратылмайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 31.01.2023 № 35/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 07.08.2024 №

476/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) дифференциалды станция – белгілі кеңістіктік координаттары бар пунктте орналасқан радиоэлектрондық және техникалық құралдар кешені, олардың көмегімен ғаламдық навигациялық спутниктік жүйенің сигналдарын қабылдау және өңдеу, дифференциалды түзетулерді есептеу және тұтынушы дифференциалды әрекет ету радиусында болған кезде оның кеңістіктік координаттарын анықтау дәлдігін арттыру үшін оларды байланыс арналары бойынша түзетуші ақпарат құрамында тұтынушыға беру жүзеге асырылады;

2) жиілік белдеуін, радиожііліктерді (радиожіілік арнасын) беру (тағайындау) – радиожіілік спектрін пайдаланушыға тиісті радиожіілік органы осы рұқсатта көрсетілген жиілік белдеуін, радиожіілікті (радиожіілік арнасын) радиоэлектрондық құралды қолдана отырып пайдалануға беретін радиожіілік спектрін пайдалануға рұқсат;

3) жиіліктерді ортақ пайдалану – жиіліктерді екі және одан да көп пайдаланушылардың пайдалануы;

4) дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесінің ұлттық операторы (бұдан әрі – ДЖСНЖ ұлттық операторы) – дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесін құру, пайдалану және дамыту міндеттері жүктелген, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғам;

5) жоғары жиілікті құрылғы – телекоммуникациялар саласында қолдануды қоспағанда, өнеркәсіптік, ғылыми, медициналық, тұрмыстық немесе басқа да мақсаттарда электромагниттік энергияны генерациялауға және пайдалануға арналған жабдық және (немесе) аспаптар;

6) жылжымалы радиоэлектрондық құрал – географиялық координаттарға тұрақты байланысы жоқ радиоэлектрондық құрал;

7) ұялы байланыс – бұл орналасқан жері өзгеруі мүмкін абоненттер арасындағы радиобайланыс;

8) РЭҚ және (немесе) ЖЖҚ иесі – осы құралдар немесе құрылғылар меншігінде, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында не өзге де заңды негізде (жалға алу, өтеусіз пайдалану) болатын жеке немесе заңды тұлға;

9) радиожіілік спектрі (бұдан әрі – РЖС) – 3 килогерцтен (бұдан әрі – кГц) 400 гигагерцке (бұдан әрі – ГГц) дейінгі диапазондағы радиожііліктердің белгілі бір жиынтығы;

10) радиоэлектрондық құрал – қосалқы жабдықты қоса алғанда, радиотолқындарды беруге және (немесе) қабылдауға арналған және бір немесе бірнеше таратушы және (

немесе) қабылдаушы құрылғылардан не олардың құрамаларынан тұратын техникалық құрал;

11) ұялы байланыс сигналын күшейткіш (репитер, белсенді ретранслятор) - антенналармен және радиожілік кәбілдерімен жиынтықта жұмыс істейтін және ұялы байланыс сигналымен жабу аймағын жергілікті кеңейтуге арналған ұялы байланыс сигналын қайталайтын және күшейтетін радиоэлектрондық құрал;

12) радиорелелік желілер (бұдан әрі – РРЛ) – қабылдау-беру (ретрансляциялық) радиостанцияларының тізбегінен құрылған желі бойынша радиобайланыс, оның ішінде "нүкте-нүкте" топологиясы бар радиомостар;

13) стационарлық радиоэлектрондық құрал – тұрақты географиялық координаттары бар радиоэлектрондық құрал;

14) Ұлттық кесте – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 22 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10375 болып тіркелген) барлық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар үшін 3 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі жиіліктер диапазонындағы Қазақстан Республикасының радиоқызметтері арасында жиіліктер белдеулерін бөлу кестесі;

15) электромагниттік үйлесімділік – техникалық құралдың берілген электромагниттік жағдайда берілген сапамен жұмыс істеу және басқа техникалық құралдарға жол берілмейтін электромагниттік бөгеуілдер жасамау қабілеті;

16) VSAT-станция – спутниктік желінің бір бөлігі ретінде жұмыс істейтін (жұлдыз топологиясымен, әрқайсысымен немесе нүкте-нүктемен), желіні басқару орталығының (бұдан әрі – ЖБО) функционалдық құралдарының көмегімен орталықтан басқарылатын және бақыланатын немесе ЖБЛ функцияларын орындайтын VSAT тағайындалған станция антеннаның кіші апертурасы бар спутниктік байланыстың жердегі станциясы;

17) радиожілік спектрі саласындағы құжаттарды ресімдеудің оңайлатылған рәсімі – халықаралық үйлестіру рәсімі аяқталғанға дейін РЖС рұқсатты және ЭМУ қорытындысын ресімдеу;

18) конкурс (аукцион) (бұдан әрі – сауда-саттық) – қатысушылар тізілімнің веб-порталын пайдалана отырып электрондық форматта өткізілетін өздерінің ұсыныстарын жария түрде мәлімдейтін сауда-саттық нысаны, оның қорытындылары бойынша ұйымдастырушы жеңімпазға жиілік белдеулерін, радиожіліктерді (радиожілік арналарын) беруге (радиожілік спектрін (бұдан әрі – РЖС) пайдалану құқығын беруге) міндеттенеді;

19) РЖС лоты (бұдан әрі – объект) – әрбір лоттың жиілік белдеуі енінің белгілі бір диапазонын, жиілік номиналдарын, пайдалану аумағын, байланыс технологиясын/түрін, елді мекендерді байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді көрсете отырып, радиожілік органдары айқындайтын және (немесе) бастапқы бағасы конкурс (аукцион) жеңімпазына пайдалану құқығы берілетін аумақтар;

- 20) бастапқы баға – осы Қағидалардың 54-тармағына сәйкес айқындалатын лот бағасы;
- 21) бастапқы баға – лот бойынша сауда-саттықтың екінші кезеңі басталатын баға;
- 22) ағымдағы баға – лот бойынша сауда-саттықтың екінші кезеңі барысында қалыптасатын баға;
- 23) аукцион залы – бағаны көтеру аукционы нысанында өткізілетін сауда-саттықтың екінші кезеңін өткізу үшін қажетті ақпаратты енгізу, сақтау және өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін тізілім веб-порталының бөлімі;
- 24) аукциондық нөмір – сауда-саттыққа қатысу үшін қатысушыға берілетін нөмір;
- 25) бағаның арттырылуына байланысты аукцион – бастапқы баға алдын ала жарияланған қадаммен көтерілетін сауда-саттық әдісі;
- 26) жеңімпаз – лот үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған сауда-саттыққа қатысушы;
- 27) кепілдік жарна – бұл аукцион шеңберінде міндеттемелерді қамтамасыз ету мақсатында енгізілетін лоттың бастапқы бағасына тең ақша сомасы;
- 28) түпкілікті баға – сауда-саттық нәтижесінде белгіленген лоттың ең жоғары бағасы;
- 29) тізілімнің веб-порталы – мемлекеттік мүлік тізілімін (бұдан әрі – тізілім) сату объектілері туралы электрондық дерекқорға қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын, интернет желісінде мына мекенжай бойынша орналастырылған интернет-ресурс: www.gosreestr.kz;
- 30) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;
- 31) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – ЭЦҚ құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі;
- 32) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – бірыңғай оператор) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айқындалған, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлға, оған мемлекеттік мүлікті ұйымдастыру және есепке алу саласындағы бірыңғай техникалық саясатты іске асыру жөніндегі міндеттер, сондай-ақ мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің активтерін басқару және пайдалану жөніндегі функциялар жүктелген;
- 33) қатысушы – сауда-саттыққа қатысу үшін осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тіркелген заңды тұлға;
- 34) ұйымдастырушы (уәкілетті орган) – байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, байланыс саласында қызметтер көрсететін немесе оларды пайдаланатын адамдардың қызметін мемлекеттік бақылауды, үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

35) конкурстық комиссия – ұйымдастырушы сауда-саттықты өткізу үшін құратын алқалы орган;

36) үлестес тұлға – сауда-саттыққа осы әлеуетті қатысушының шешімдерін айқындауға және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәміленің күшіне орай ықпал етуге құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ сауда-саттыққа әлеуетті қатысушының оған қатысты осындай құқығы болатын кез келген жеке немесе заңды тұлға.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 31.01.2023 № 35/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 07.08.2024 № 476/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Жиілік белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру тәртібі

3. РЭҚ және ЖЖҚ ЭМУ есебін жүргізу және Қазақстан Республикасының радиожіілік спектрін пайдалануға рұқсат (бұдан әрі – РЖС рұқсаты), РЭҚ және ЖЖҚ ЭМУ қорытындысы талап етілетін РЭҚ тізбесі (бұдан әрі – РЭҚ тізбесі) осы Қағидалардың 2-қосымшасында келтірілген.

27 МГц диапазонындағы қуаты екі ваттқа дейін РЭҚ пен осы Қағидалардың 1-қосымшасының 19-жолында көрсетілген шағын қуатты тасымалдау РЭҚ-ты байланыс қызметтерін көрсету үшін пайдалануға жол берілмейді.

4. Қазақстан Республикасының радиожіілік спектрін пайдалануға рұқсат беру, жою, ұзарту және қайта ресімдеу мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес баяндалған.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 22.04.2024 № 246/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитетіне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық түрде жолдайды:

1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім (оның ішінде шақыру сигналын беруді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзетін кемелер үшін);

2) сұратылған радиожиилік белдеуінің (номиналының) негіздемесі келтірілген түсіндірме жазба, онда жоспарланып отырған радиожелінің (радиотораптардың) топологиясы мен архитектурасы, оның басқару орталығы Қазақстан Республикасының аумағына қатысты орналасу мекенжайы (аумағында немесе аумақтан тыс) пайдаланылатын стандарттар мен хаттамалар, қолдануға жоспарланған РЭҚ техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер егжей-тегжейлі баяндалады. Оның ішінде түсіндірме жазбаға қоса беріледі:

спутниктік байланысты ұйымдастыру үшін бөлінетін радиожиилік номиналдарын (жолағын), тиімді изотропты сәулелену қуаты, сәуле шығару класы, VSAT-станциялар үлгісін көрсете отырып, спутниктік байланыс операторы хатының көшірмесі;

3) радиобайланыс түріне байланысты осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес құрлықтағы жылжымалы стационарлық радиоэлектрондық құралға (ұялы байланыстың базалық станциясына (2G, 3G, 4G, 5G), сымсыз радиобайланыс жүйесінің радиоэлектрондық құралына (WLL – wireless local loop), ультра-қысқа толқындар (бұдан әрі – УҚТ), қысқа толқындар (бұдан әрі – ҚТ), транкингтік радиобайланыс және деректерді беру желілеріне) және теңіз қызметтеріне (жағалау, радиолокациялық станциялар, радиомаяктар және басқалар) сауалнама, немесе 6-қосымшаға сәйкес радиорелелік желіге сауалнама, немесе 7-қосымшаға сәйкес телерадио хабарларын таратушыға сауалнама, немесе 8-қосымшаға сәйкес жер станциясына сауалнама (кеме станциялары үшін осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық деректермен толтырылған сауалнама) толтырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 22.04.2024 № 246/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті беруші өтінім түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкерін (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) орындауға жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтінім тіркелген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Мемлекеттік радиожиилік қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - Мемлекеттік радиожиилік қызметі) орындауға береді.

Мемлекеттік радиожиилік қызметі өтінім келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес РЭҚ тізбесі үшін РЭҚ және ЖЖҚ ЭМУ алдын ала есептеу рәсімін жүргізеді, сондай-ақ жылжымалы РЭҚ үшін бос жиіліктерді іріктеуді жүзеге асырады және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес РЭҚ тізбесі үшін РЭҚ және ЖЖҚ ЭМУ алдын ала есептеу рәсімін жүргізеді:

1) оң нәтиже көрсетілетін қызметті алушының РЭҚ және ЖЖҚ ЭМУ алдын ала есептеу нәтижелері туралы хабардар етеді және өтінімді одан әрі қарау үшін көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды;

2) теріс нәтиже көрсетілетін қызметті алушыға негізделген бас тартуды жолдайды және бұл туралы көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы электрондық түрде хабарлайды.

7. Шақыру сигналын беруді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзетін кеме станциясы үшін РЖС рұқсат беру (бұдан әрі-кеме станциясы үшін РЖС рұқсат) осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес кеме станцияларының (УҚТ, КВ және Ки-диапазондарындағы кеме станциялары үшін) техникалық деректері негізінде жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік радиожилік қызметінен РЖС рұқсат алу үшін өтінім түскен күннен бастап:

1) екі жұмыс күні ішінде, осы Қағиданың 7 және 14-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен (бұдан әрі – Қорғаныс министрлігі) Ұлттық кестеге сәйкес РЖС келісу рәсімін жүргізу үшін өтінім жолдайды.

Сұрау салуды қарастыру мерзімі құжаттар түскен сәттен бастап он жұмыс күнінен аспайды. Келісу мүмкіндігі болмаса Қорғаныс министрлігі көрсетілетін қызметті берушіге жазбаша түрде келісілмегендігін негіздеп хат жібереді;

2) Қорғаныс министрлігінің келісу нәтижесі оң болғаннан кейін, көрсетілетін қызметті беруші сұрау салуға жауап алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қажеттілігі РЭҚ және ЖЖҚ ЭМУ жүргізілген алдын ала есептеу нәтижелері бойынша айқындалатын кедергілерсіз РЭҚ және ЖЖҚ үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында РЖС халықаралық үйлестіру рәсімін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының шекара маңындағы мемлекеттерге өтінім жібереді.

Өтінімде көрсетілетін қызметті алушының радиожилік спектрі саласындағы құжаттарды ресімдеудің оңайлатылған рәсімі бойынша РЖС-ға рұқсат беруге келісімі болған кезде көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес РЖС-ға рұқсатты ресімдейді.

Өтінімде тиісті нұсқау болмаған немесе өтініш беруші радиожилік спектрі саласындағы құжаттарды ресімдеудің оңайлатылған рәсімі бойынша РЖС-ға рұқсат беруге келіспеген кезде көрсетілетін қызметті беруші өтінімді халықаралық үйлестіру рәсімін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының шекара маңындағы мемлекеттеріне жібереді. Бұл ретте өтінімді қарау мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ ол алты айдан аспауға тиіс, бұл туралы өтінім беруші алдын ала хабардар етілуге тиіс.

Халықаралық үйлестіру нәтижесі оң болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес байланыс түрлері бойынша кодтар бере отырып, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес электрондық

құжат түрінде Қазақстан Республикасының РЖС-ға рұқсатты ресімдейді және көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинетке" жібереді.

Теріс нәтиже немесе халықаралық үйлестіру бойынша келісудің қосымша шарттары енгізілген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші ресімдеуді растау немесе рұқсаттан бас тарту үшін көрсетілетін қызметті алушыға өтінімді алты айлық кезең аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

РЖС-ға рұқсатты ресімдеуді растау немесе одан бас тарту туралы шешімді көрсетілетін қызметті алушы халықаралық үйлестірудің алты айлық кезеңі аяқталғанға дейін қабылдайды. Шешім қабылданбаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының РЖС-на рұқсатты ресімдейді.

Радиожиілік спектрі саласындағы құжаттарды ресімдеудің оңайлатылған рәсімі бойынша немесе теріс нәтижемен немесе халықаралық үйлестіруді келісудің қосымша шарттарын енгізбестен РЖС-ға рұқсат ресімделген жағдайда, өтініш берушінің РЭҚ шекара маңындағы мемлекеттердің РЭҚ-ына кедергі келтірмеуі, сондай-ақ шекара маңындағы мемлекеттердің РЭҚ-нан бөгеуілге қорғауды талап етпеуі тиіс.

Радиожиілік спектрі саласындағы құжаттарды ресімдеудің оңайлатылған рәсімі бойынша немесе теріс нәтиже кезінде немесе халықаралық үйлестіруді келісудің қосымша шарттары енгізілмей ресімделген РЭҚ пайдалануға қойылатын талаптар осы Қағидалардың 47-тармағында белгіленген.

Қажет болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіден халықаралық үйлестіру нәтижелерін сұрата алады.

Халықаралық үйлестіру нәтижесі қосымша уақытты (алты айдан астам) талап етуі мүмкін халықаралық үйлестіру бойынша қосымша келіссөздер жүргізу қажет болған кезде теріс деп есептеледі.

9. Көрсетілетін қызметті беруші Қорғаныс министрлігінің келісу нәтижесі келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде:

1) оң нәтиже болған жағдайда осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес байланыс түрлері бойынша кодтар бере отырып, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес электрондық құжат түрінде Қазақстан Республикасының РЖС-ға рұқсатты ресімдейді және көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинетке" жібереді;

2) теріс нәтиже болған жағдайда, дәлелді бас тартуды көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы және Мемлекеттік радиожиілік қызметіне хабарлама жібереді.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер:

1) РЖС рұқсат алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарда толық емес немесе дұрыс емес мәліметтердің болуы;

2) мәлімделген радиожиілік белдеулерінің, радиожиіліктердің (радиожиілік арнасының) ұлттық жиіліктер белдеулерін бөлу кестесіне сәйкес келмеуі;

3) мәлімделген радиоэлектрондық құралдардың сәуле шығару және қабылдау параметрлерінің радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың электромагниттік үйлесімділігін қамтамасыз ету саласындағы талаптарына, нормаларына сәйкес келмеуі;

4) қолданыстағы және пайдаланылуы жоспарланған радиоэлектрондық құралдармен электромагниттік үйлесімділік сараптамасының теріс қорытындысы;

5) азаматтық пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте пайдаланушыларға бұрын иелікке берілген мәлімделген радиожілік белдеулерін, радиожіліктерді (радиожілік арнасын) пайдалануы;

6) көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен беретін, байланыс саласындағы радиожіліктерді пайдаланатын кәсіпкерлік қызмет түріне тиісті лицензияның болмауы;

7) жиілік белдеулерін, радиожіліктерді (радиожілік арнасын) Қазақстан Республикасы әскери басқармасының орталық атқарушы органымен келісу жүргізудің теріс нәтижелері.

РЖС рұқсат беруден бас тарту қызмет алушыны қайта беру құқығынан айырмайды.

11. Көрсетілетін қызметті алушы байланыс желісін ұйымдастыруды РЖС рұқсатында көрсетілген және радиожілік органдары ұсынымына сәйкес байланыс түрлеріне сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 07.08.2024 № 476/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. РЭҚ жиіліктерінің номиналдары және (немесе) техникалық параметрлері өзгерген жағдайда, сондай-ақ РЖС-ға бұрын берілген рұқсатта көрсетілген мәннен асқан кезде көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларда көзделген тәртіппен РЖС-ға рұқсат алады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 31.01.2023 № 35/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Жиіліктерді иелікке беру Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды, қорғанысты, қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету мүддесіне орай байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің басқа жиіліктерге көшуіне байланысты залалдарын бір мезгілде өтей отырып өзгертілуі мүмкін. Бұл ретте шығындар жиіліктер пайдасына берілетін Мемлекеттік органмен өтеледі.

14. Радиожілік белдеулері (номиналдары) үшін келісу рәсімін жүргізу талап етілмейді:

1) Қорғаныс министрлігімен бұрын келісілген, радиожілік органдары ұсынымдары негізінде көрсетілетін қызметті беруші бөлетін;

2) Ұлттық кестеде "ГР" санаты ретінде көрсетілген азаматтық пайдаланушылардың РЭҚ басымдықпен пайдалануына арналған;

3) Халықаралық электробайланыс одағының Радиобайланыс регламентінде белгіленген жиілік иеліктеріне сәйкес теңіз РЭҚ-ға және Апаттық және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайлары үшін жаһандық теңіз жүйесіне (бұдан әрі – АҚҚЖЖТЖ) арналған;

4) Егер РЭҚ және ЖЖҚ-ның техникалық параметрлері, мақсаты және орнату орны өзгермеген жағдайда, сондай-ақ егер техникалық параметрлер РЖС-ға бұрын берілген рұқсатта көрсетілген мәннен аспаса, радиожіліктердің бұрын келісілген жолақтары (номиналдары) үшін радиожілік белдеулері (номиналдары) үшін келісу рәсімін жүргізу талап етілмейді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 31.01.2023 № 35/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 07.08.2024 № 476/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

15. Байланыстың жаңа түрін және технологиясын ұйымдастыруға РЖС пайдалануға құқықты конкурстық негізде алған жағдайда, байланыс операторына аумақты немесе елді мекендерді байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттеме жүктеледі, бұл ретте осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес кодтарды иелік ете отырып, осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес РЖС пайдалану рұқсаты ресімделеді.

16. Ресімделген РЖС рұқсаты немесе кеме станциясының РЖС пайдалану рұқсаты (түпнұсқасы) көрсетілетін қызметті беруші қол қойған күні РЖС пайдаланылатын жердегі аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) және (немесе) Мемлекеттік радиожілік қызметіне Портал арқылы жіберіледі.

17. Кеме станциясы үшін РЖС-ға рұқсат немесе РЖС-ға рұқсат берілгеннен кейін аумақтық бөлімше "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес РЖС пайдалану үшін мемлекеттік бюджетке төлем төлеуге хабарлама жібереді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 22.04.2024 № 246/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Қызметті аналогтық сигнал арқылы жүзеге асыратын Теле-, радио компаниялар, телерадио хабарларын тарату операторлары мемлекеттік бюджетке РЖС-ға рұқсат беру үшін, оның ішінде аумақтық бөлімшенің хабарламасы негізінде РЖС-ға рұқсатты қағаз нұсқасынан электрондық форматқа ауыстыру кезінде алым енгізеді.

Мемлекеттік бюджетке РЖС рұқсат беру үшін алымның төленгенін растайтын құжат Салық кодексіне сәйкес РЖС пайдалану орны бойынша аумақтық бөлімшеге беріледі.

19. РЖС пайдалану рұқсаты Салық кодексіне сәйкес РЖС пайдаланғаны үшін жылдық төлемді төлеген жағдайда қолданыста болады.

20. РЖС рұқсаты Портал арқылы мемлекеттік бюджетке РЖС пайдаланғаны үшін жылдық төлемнің төленгенін растайтын құжатты тең бөліктермен ағымдағы жылдың 25 наурызы, 25 маусымы, 25 қыркүйегі мен 25 желтоқсанына дейін РЖС пайдаланушымен қоса ұсынған жағдайда келесі жылға автоматты түрде ұзартылады.

21. РЖС пайдалану орны бойынша аумақтық бөлімшелер жыл сайын РЖС үшін төлемнің жылдық сомасын көрсете отырып, төлемге хабарлама шығарады және оларды ағымдағы есепті кезеңнің 20 ақпанынан кешіктірмей портал арқылы РЖС пайдаланушыларына жібереді.

22. Қалалық және ауылдық елді мекендерде Интернетке кең жолақты қол жеткізу жобаларын қаржыландыруға дербес немесе төлемақының тиісті ставкасын төмендетуден босатылған қаражаттан кем емес шоғырландырылған қаражатты жіберу бойынша өзіне міндеттемелер алған байланыс операторлары үшін төлемақының жылдық сомасы Салық кодексінде белгіленген тоқсан пайызға төмендетілген мөлшерлеме бойынша есептеледі.

23. Тиісті төлемақы ставкасын төмендетуден босатылған қаражаттан кем емес қаражат жіберу бойынша міндеттемелерді көрсете отырып, РЖС-ға рұқсатты алған және (немесе) қайта ресімдеген жағдайда, аумақтық бөлімше осындай байланыс операторына бұрын берілген хабарламаның орнына тоқсан пайызға төмендетілген төлемақы ставкасы бойынша есептелген соманы көрсете отырып, байланыс операторы РЖС-ға рұқсат алған және (немесе) қайта ресімдеген айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей жаңа хабарлама жібереді.

Бұл ретте төмендетілген төлемақы мөлшерлемесі 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.

24. Аудиттелген мәліметтердің нәтижелері бойынша байланыс операторының қалалық және ауылдық елді мекендерде Интернетке кең жолақты қол жеткізу жобаларын қаржыландыруға тиісті төлемақы ставкасын төмендетуден босатылған қаражаттан кем емес жіберу бойынша міндеттемелерді орындамау фактісі расталған жағдайда, байланыс саласындағы уәкілетті орган есепті жылдан кейінгі жылдан кейін кемінде бір жыл өткен соң есепті жыл үшін РЖС пайдаланғаны үшін жылдық төлемақы сомасын қайта есептеуді жүзеге асырады, ол осы есепті жыл үшін қаржылық міндеттемелердің орындалмаған көлеміне барабар болуға тиіс. Бұл ретте аумақтық бөлімше бұрын берілген хабарламаның орнына орындалмаған міндеттемелерге барабар есептелген соманы көрсете отырып, осындай байланыс операторына жаңа хабарлама жібереді.

25. РЖС-ін бірлесіп пайдаланған жағдайда мемлекеттік бюджетке төлемақы төлеуді әрбір пайдаланушы жеке жүргізеді.

26. РЖС-ға рұқсат осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген рәсімдер жүргізілмей, мынадай:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе заңды тұлғаның атауы өзгерген;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының байланыс және телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметке лицензия алған немесе қайта ресімдеген;
- 3) егер заңды тұлға қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мирасқоры болып табылған;
- 4) егер РЭҚ және ЖЖҚ-ның техникалық параметрлері, мақсаты және орнату орны өзгермесе, сондай-ақ егер техникалық параметрлер РЖС-ға бұрын берілген рұқсатта көрсетілген мәннен аспаған;
- 5) РЖС рұқсатты электрондық форматқа ауыстырған;
- 6) қалалық және ауылдық елді мекендерде Интернетке кең жолақты қол жеткізу жобаларын қаржыландыру бойынша міндеттемелер қабылданған;
- 7) халықаралық үйлестірудің оң нәтижелері алынған жағдайларда қайта ресімделеді.

Әкімшілік-аумақтық бірліктің, көшенің атауы, ғимараттар мен құрылыстардың нөмірленуі өзгерген жағдайда, РЖС-ға рұқсатты қайта ресімдеу талап етілмейді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 31.01.2023 № 35/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Қалған жағдайларда көрсетілетін қызметті алушыға РЖС рұқсат осы Қағидалардың 8- тармағында көрсетілген рәсімдерден өткізгеннен кейін ресімделеді.

28. Осы Қағидаларға 8-тармақта көрсетілген рәсімдерді өткізбей РЖС-ға рұқсатты қайта ресімдеу үшін көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мыналады жолдайды:

- 1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді;
- 2) еркін нысанда түсіндірме жазбаны.

Кеме станциясының рұқсаты үшін теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлігін ұсыну қажет;

- 3) РЖС рұқсатының көшірмесі (қағаз тасығышта алған жағдайда);

РЖС рұқсаты электрондық түрде алынған жағдайда (портал арқылы) РЖС-ға рұқсат көшірмесі талап етілмейді.

4) заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда, құқықтық мұрагерлікті растайтын құжат;

5) радиобайланыс түріне байланысты құрлықтағы жылжымалы стационарлық радиоэлектрондық құралға (ұялы байланыстың базалық станциясына (2G, 3G, 4G, 5G),

сымсыз радиобайланыс жүйесінің радиоэлектрондық құралына (WLL), УҚТ, КВ, транкингітік радиобайланыс және деректерді беру желілеріне) және теңіз қызметтеріне (жағалау, радиолокациялық станциялар, радиомаяктар және басқалар) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес сауалнама, немесе 6-қосымшаға сәйкес радиорелейлік желіге сауалнама, немесе 7-қосымшаға сәйкес телерадио хабарларын таратушыға сауалнама, немесе 8-қосымшаға сәйкес жер станциясына сауалнама толтырылады (кеме станциялары үшін осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық деректермен толтырылған сауалнама);

б) РЖС пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетке төленгенін растайтын құжат.

РЖС-ға электрондық түрде (портал арқылы) алынған рұқсаттарды қайта ресімдеген жағдайда РЭҚ-қа сауалнама талап етілмейді;

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтінімді тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде РЖС пайдалану орны бойынша аумақтық бөлімшеге орындауға береді.

29. Қалалық және ауылдық елді мекендерде Интернетке кең жолақты қол жеткізу жобаларын қаржыландыру бойынша міндеттемелерді ресімдеу мақсатында көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы қайта ресімдеу үшін радиожилік спектрін пайдалануға рұқсатты жібереді, ол өтінім келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде көрсетілетін қызметті алушыға радиожилік спектрін пайдалануға арналған рұқсатты міндеттемелер енгізеді және қайтарады.

Байланыс операторы қалалық және ауылдық елді мекендерде Интернетке кең жолақты қолжетімділік жобаларын қаржыландыру бойынша міндеттемелерді қабылдаған жағдайда РЖС пайдалануға рұқсатты қайта ресімдеу кезінде РЭҚ ЭМҮ бұрын берілген қорытындыларын қайта ресімдеу және РЭҚ пайдалануды бастау туралы жаңа хабарламаларды жіберу талап етілмейді.

30. Аумақтық бөлімше өтінімді алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының РЖС пайдаланғаны үшін төлем төлемінің бар-жоғын тексереді және одан әрі қарау үшін көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.

31. Көрсетілетін қызметті алушы РЖС пайдаланғаны үшін төлем төлеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші аумақтық бөлімшеден өтінім келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде РЖС-ға рұқсатты қайта ресімдейді.

Қайта ресімделген РЖС рұқсаты Портал арқылы электрондық түрде:

- 1) көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне";
- 2) Мемлекеттік радиожилік қызметіне;
- 3) РЖС пайдалану орны бойынша аумақтық бөлімшеге түседі.

32. РЖС пайдаланудан бас тартқан жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды:

1) РЖС рұқсатын алуға бас тарту себептерін және жою күнін көрсете отырып, ерікті нысандағы өтініш;

2) РЖС-не рұқсат (егер РЖС рұқсат электрондық түрде Портал арқылы алынған болса, аталған құжат талап етілмейді);

3) ұсынылған хабарлама бойынша өтінім берілген мерзімге дейінгі РЖС пайдалану үшін мемлекеттік бюджетке аумақ бойынша төлемақы төленгенін растайтын құжат.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтінім тіркелген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде аумақтық бөлімшеге орындауға береді.

Аумақтық бөлімше көрсетілетін қызметті берушіден өтінімді алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының РЖС пайдаланғаны үшін төлем төлемінің бар-жоғын тексереді және одан әрі қарау үшін көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы РЖС пайдаланғаны үшін төлем төлеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші аумақтық бөлімшеден өтінім келіп түскен күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде РЖС рұқсатының күшін жояды немесе РЖС пайдаланғаны үшін төлем болмаған кезде оның күшін жоюдан бас тартады.

РЖС рұқсаттың күшін жою көрсетілетін қызметті берушінің хатымен расталады, ол көрсетілетін қызметті алушыға, аумақтық бөлімшеге және Мемлекеттік радиожилік қызметіне портал арқылы электрондық түрде жіберіледі.

33. РЖС-ға рұқсаттың қолданылуын көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны хабардар ете отырып, аумақтық бөлімшенің өтінішхаты бойынша мынадай:

1) пайдаланушының РЖС пайдалануға рұқсатты өз еркімен қайтару туралы өтініш берген;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аумақтық бөлімше жүргізетін РЖС мониторингінің нәтижелерімен расталатын РЖС бір жыл бойы пайдаланылмаған;

3) байланыс операторылары РЖС рұқсатында көрсетілген елді мекендерді және (немесе) аумақтарды байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді орындамаған;

4) Салық кодексіне сәйкес үш тоқсан үшін РЖС пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетке төлемақы төленбеген;

5) әрбір елді мекенде және (немесе) радиожилік спектрін пайдалануға берілген рұқсатты алғаннан кейін екі жыл өткен соң пайдалану аумағында халықтың кемінде отыз пайызының байланыс қызметтеріне кең жолақты қолжетімділік беру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін техникалық инфрақұрылым болмаған жағдайларда тоқтатады;

б) уәкілетті органның:

байланыс саласындағы перспективалық технологияларды іске асыру;

радиожиилік спектрін перспективалық пайдалану жоспарларына сәйкес радиожиилік спектрін, жиілік белдеулерін тиімді пайдалану мақсатында радиожиилік спектрін қайта бөлуді жүргізу туралы шешімі бойынша;

7) дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылғанда немесе заңды тұлға таратылғанда;

8) байланыс операторы Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын радиожиилік спектрін пайдалануға рұқсат алған күннен бастап алты ай ішінде радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану туралы хабарламаны және азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігінің есептемесін ұсынбағанда, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен тоқтатылады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 31.01.2023 № 35/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 19.09.2024 № 564/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

34. Заңның 12-бабының 5-1-тармағына сәйкес, жеке және заңды тұлғаларға өздеріне иелікке берілген жиілік белдеулерін, радиожииліктерді (радиожиилік арналарын) уақытша немесе тұрақты пайдалану құқығын басқа жеке немесе заңды тұлғаларға беруге, мына жағдайларды:

1) радиожиилік спектрін негізгі пайдаланушы келісім берген жағдайда, өндірісішілік қызмет үшін радиожииліктерді бірлесіп пайдалануды қоспағанда, тыйым салынады. Әрбір пайдаланушыға радиожиилік спектрін пайдалануға арналған жеке рұқсат ресімделеді (сол бір РЭҚ пайдаланған жағдайда, РЭҚ-ға және ЖЖҚ-ға ЭМУ қосымша сараптама қорытындысы талап етілмейді);

2) ұялы байланыс ұйымына бөлінген радиожииліктерді бірлесіп пайдалануды қоспағанда, тыйым салынады. Радиожииліктерді бірлесіп пайдалану шартпен ресімделеді.

АҚҚЖЖТЖ-ға жиілікті бөлу кезінде РЖС негізгі пайдаланушысынан жазбаша келісім талап етілмейді.

35. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің, оның лауазымды адамдарының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, жоғары тұрған мемлекеттік органға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

36. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

3-тарау. Азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігінің есебін жүргізу тәртібі

37. Мемлекеттік радиожилік қызметі РЭҚ және ЖЖҚ ЭМУ есебін (бұдан әрі – есеп) Теңіз және жылжымалы РЭҚ қоспағанда, азаматтық мақсаттағы РЭҚ және ЖЖҚ пайдалану үшін қолданыстағы және жоспарланған РЖС-ны ескере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес РЭҚ және ЖЖҚ тізбесінде көрсетілген РЭҚ және ЖЖҚ үшін жүргізеді.

38. Техникалық параметрлер, оның ішінде РЭҚ орнату орны өзгерген жағдайда (географиялық координаттар өзгерген, антеннаның іліну биіктігі өзгерген, антеннаның бағыты өзгерген) электромагниттік үйлесімділік (бұдан әрі – ЭМУ) қорытындысын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік радиожилік қызметіне мынадай құжаттар мен мәліметтерді ұсына отырып, осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес өтінім береді:

1) сұратылған радиожилік белдеуінің (номиналының) негіздемесі келтірілген түсіндірме жазба, онда жоспарланып отырған радиожелінің (радиотораптардың) топологиясы мен архитектурасы, оның басқару орталығы Қазақстан Республикасының аумағына қатысты орналасу мекенжайы (аумағында немесе аумақтан тыс), пайдаланылатын стандарттар мен хаттамалар, қолдануға жоспарланып отырған РЭҚ техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер, байланысты ұйымдастыру сұлбасы, жиіліктер торы (радиоарналар) егжей-тегжейлі баяндалады;

2) радиобайланыс түріне байланысты осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес құрлықтағы жылжымалы стационарлық радиоэлектрондық құралға (ұялы байланыстың базалық станциясына (2G, 3G, 4G, 5G), сымсыз радиобайланыс жүйесінің радиоэлектрондық құралына (WLL – wireless local loop), УҚТ, ҚТ, транкингік радиобайланыс және деректер беру стационарлық радиоэлектрондық құралдарына)

және теңіз қызметтеріне (жағалау, радиолокациялық станциялар, радиомаяктар және т. б.) сауалнама, немесе 6-қосымшаға сәйкес радиорелелік желіге сауалнама, 7-қосымшаға сәйкес телерадио хабарларын тарату таратқышына сауалнама, немесе 8-қосымшаға сәйкес жер станциясына сауалнама толтырылады.

3) радиожилік спектрін бірлесіп пайдалану туралы шарттан алынған мәліметтер (осы шарт бойынша жиіліктерді пайдалану құқығын алған пайдаланушы, радиожилік спектрінің негізгі пайдаланушысы, бірлесіп пайдалану үшін белгіленген радиожилік жолағы, шарттың мерзімі, нөмірі және қол қойылған күні).

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 22.04.2024 № 246/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. ЭМУ қорытындысын ресімдеу мерзімі Көрсетілетін қызметті алушы мен мемлекеттік радиожилік қызметі арасындағы шартқа қол қою, сондай-ақ РЭҚ ЭМУ есебі бойынша көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу жүргізу уақытын есепке алмай, осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес радиоэлектрондық құралдың электр магниттік үйлесімділігі сараптамасының нысаны бойынша он жұмыс күнінен аспайды.

Мемлекеттік радиожилік қызметі ЭМУ қорытындысының түпнұсқасын өтініш берушіге береді немесе жібереді, сондай-ақ ЭМУ қорытындысы берілгендігі туралы көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық бөлімшесін немесе көрсетілетін қызметті беруші хабардар етеді.

40. ЭМУ есебін шекара маңындағы елдердің РЭҚ есепке ала отырып, РЖС және РЭҚ республикалық деректер базасы негізінде мемлекеттік радиожилік қызметі жүзеге асырады.

Азаматтық мақсаттағы радиожилік спектрінің республикалық деректер қоры электрондық түрде жүргізіледі және Мемлекеттік радиожилік қызметінің қызметкерлері көрсетілетін қызметті беруші және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық бөлімшелер немесе портал арқылы ұсынылатын мәліметтермен толтырады.

41. Шекара маңындағы мемлекеттермен РЭҚ ЭМУ есептеу кезінде РЭҚ үшін халықаралық үйлестіру жүргізу қажет болған жағдайда, Мемлекеттік радиожилік қызметі шекара маңындағы мемлекеттермен халықаралық үйлестіру рәсімін жүргізу үшін көрсетілетін қызметті берушіге тиісті хат жібереді.

Өтінімде өтініш берушінің радиожилік спектрі саласындағы құжаттарды ресімдеудің оңайлатылған рәсімі бойынша ЭМУ қорытындысын беруге келісімі болған кезде Мемлекеттік радиожилік қызметі осы Қағидаларға 39-тармаққа сәйкес ЭМУ қорытындысын ресімдейді, сондай-ақ Үйлестіру нысандарын дайындайды және РЭҚ пен ЖЖҚ кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында халықаралық үйлестіру рәсімін жүргізу үшін көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

Радиожилік спектрі саласындағы құжаттарды ресімдеудің оңайлатылған рәсімі бойынша ЭМУ қорытындысын ресімдеу кезінде өтініш берушінің РЭҚ шекара маңындағы мемлекеттердің РЭҚ-ына кедергі келтірмеуі, сондай-ақ шекара маңындағы мемлекеттердің РЭҚ-нан бөгеуілдерге қорғауды талап етпеуі тиіс.

Радиожилік спектрі саласындағы құжаттарды ресімдеудің оңайлатылған рәсімі бойынша ресімделген РЭҚ пайдалануға қойылатын талаптар осы Қағидалардың 47-тармағында белгіленген.

Өтінімде тиісті нұсқау болмаған немесе өтініш беруші радиожилік спектрі саласындағы құжаттарды ресімдеудің оңайлатылған рәсімі бойынша ЭМУ қорытындысын беруге келіспеген жағдайда, Мемлекеттік радиожилік қызметі үйлестіру нысандарын дайындайды және РЭҚ пен ЖЖҚ кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында халықаралық үйлестіру рәсімін жүргізу үшін көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

Мынадай жағдайда:

1) Халықаралық үйлестіру рәсімінің оң нәтижесі болған жағдайда, Мемлекеттік радиожилік қызметі осы Қағидалардың 39-тармағына сәйкес РЭҚ ЭМУ ресімдейді;

2) халықаралық үйлестіру рәсімінің теріс нәтижесі болған жағдайда, Мемлекеттік радиожилік қызметі бұл туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.

Қажет болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік радиожилік қызметінен халықаралық үйлестіру нәтижелерін сұрата алады.

42. РЭҚ және ЖЖҚ ЭМУ қорытындысының телнұсқасын қалпына келтіру және (немесе) қайта ресімдеу мынадай жағдайларда:

1) ЭМУ қорытындысының телнұсқасы жоғалғанда (егер, қағаз түрде берілген болса);

2) егер заңды тұлға қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мұрагері болып табылса, бұл ретте РЭҚ-тың техникалық өлшемдері және РЭҚ орналасуының географиялық координаталары өзгермеген жағдайда жүргізіледі.

Мұндай құжатты беру РЭҚ ЭМУ сараптамасын жүргізбестен үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушысы мен Мемлекеттік радиожилік қызметі арасындағы шарт талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және (немесе) заңды тұлғаның атауы өзгерген жағдайда, сондай-ақ РЖС рұқсатты қайта ресімдеген жағдайда және бұл ретте РЭҚ техникалық параметрлері және РЭҚ орналасуының географиялық координаттары өзгермесе, РЭҚ және ЖЖҚ ЭМУ қорытындысын қайта ресімдеу талап етілмейді.

43. РЖС рұқсатының күші жойылған жағдайда ЭМУ қорытындысының қолданыс мерзімі аяқталады.

4-тарау. Радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану тәртібі.

44. Заңның 16-2-бабына сәйкес, жеке және (немесе) заңды тұлғалар, оның ішінде шет мемлекеттердің дипломатиялық және консулдық өкілдіктері, Қазақстан Республикасының туымен жүзетін теңіз кемелерінде орнатылған РЭҚ-тен басқа осы Қағидаларға 15-қосымшадағы РЭҚ пен (немесе) ЖЖҚ-ны пайдаланудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама беруді талап ететін РЭҚ пен ЖЖҚ тізілімге сәйкес аумақтық органдарға РЭҚ және (немесе) ЖЖҚ-ны пайдаланудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаны "Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10194 болып тіркелген) айқындалатын нысан бойынша жіберуге міндетті.

РЭҚ техникалық өлшемдерін және РЭҚ орналасуының географиялық координаттарын өзгертуге байланысты емес негіздер бойынша РЖС бұрын берілген рұқсаттарды қайта ресімдеу кезінде бұрын жіберілгеннің орнына пайдаланудың басталғаны туралы жаңа хабарлама жіберу талап етілмейді.

45. РЭҚ және ЖЖҚ иелері радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдаланудың техникалық сипаттамалары мен шарттарының радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдаланудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламада баяндалған параметрлерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.

46. Тиісті хабарламаны жолдамай РЭҚ ЖЖҚ пайдалануға жол берілмейді.

47. Радиожиілік спектрі саласындағы құжаттарды ресімдеудің оңайлатылған рәсімі бойынша немесе теріс нәтижемен немесе халықаралық үйлестірудің қосымша шарттарын енгізусіз РЖС пайдалануға рұқсатты және/немесе ЭМУ қорытындысын ресімдеу кезінде өтініш берушінің РЭҚ шекара маңындағы мемлекеттердің РЭҚ бөгеуілдерін тудырмауы, сондай-ақ шекара маңындағы мемлекеттердің РЭҚ бөгеуілдерінен қорғауды талап етпеуі тиіс. Шекара маңындағы мемлекеттердің РЭҚ кедергілері туындаған жағдайда, өтініш беруші РЭҚ ажыратуға дейін кедергіні жоюы қажет.

Кедергіні жою мүмкін болмаған жағдайда радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсаттың қолданылуы тоқтатылады.

48. РЭҚ ЖЖҚ және олардың антенналы-фидерлі құрылғыларын радиоторуылдауыштардан 200 метр радиуста орнатуға шектеу қойылады.

49. Радиоэлектронды басу құралдарын (шу генераторлары, радиобайланыс сигналдарын блокаторлары, радиобасқару құрылғыларын блоакторлары және т.б.) пайдалану 50 метрден аспайтын тиімді басу радиусы бар жүзеге асырылады.

50. Әрбір радиоұзартқыш жинағына ҚР РЖВАК шешіміне сәйкес осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес тізбеде көрсетілген РЭҚ техникалық параметрлеріне тиісті арналардың белгілі саны бекітіледі.

51. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ғимараттарындағы және аумақтарындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясын құрайтын мәліметтерді пайдаланатын, тек үкіметтік байланысқа қатысты арнайы тағайындалған телекоммуникация желілеріне және ішкі ведомстволық байланысқа қатысты радиоэлектрондық құралдар және олардың антенналы-фидерлі құрылғыларын, арнайы қолданыстағы телекоммуникация желілерін, жоғары нүктелі спутниктік навигациялық жүйенің ұлттық операторларының (бұдан әрі - ЖСНЖ ұлттық операторы) дифференциалдық станцияларын мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердегі арнайы талаптарды орындағаннан кейін ғана орнатуға рұқсат етіледі.

Ішкі ведомстволық байланыстың радиоэлектрондық құралдарын және олардың антенналы-фидерлі құрылғыларын орнату және де ЖСНЖ ұлттық операторларының дифференциалдық станциялары Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісуге жатады;

Мемлекеттік органдар мен Ұйымдарда арнайы тағайындалған телекоммуникация желілеріне және үкіметтік байланысқа қатысты емес радиоэлектрондық құралдарды орнатуға арнайы бөлінген техникалық орын-жайлар мен алаңдар, режимдік орын-жайлардан кемінде 10 метр қашықтықта орнатылады.

Қызметте мемлекеттік құпияға жататын мәліметтерді қолданатын Мемлекеттік органдар мен Ұйымдарда ішкі ведомстволық байланыстың радиоэлектрондық құралдарын қондыруды, техникалық қызмет көрсетуді (жөндеу, профилактикалық жұмыстар), ауыстыру, РЭҚ пайдалану қорытындысы жөніндегі жұмыстарды жүргізу осы орган немесе ұйымның арнайы бөлімшелері арқылы жүзеге асырылады.

Арнайы бөлімше болмаған жағдайда ішкі ведомстволық байланыстың радиоэлектрондық құралдарын қондыруды, техникалық қызмет көрсетуді (жөндеу, профилактикалық жұмыстар), ауыстыру, РЭҚ пайдалану қорытындысы жөніндегі жұмыстарды орындаушы ұлттық қауіпсіздік органдарымен келіседі.

51-1. Ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу бойынша мемлекеттік құпиялары бар электронды түрде мәліметтерді өңдеу жүзеге асырылмайтын және үкіметтік байланысқа кіретін, арнайы тағайындалған телекоммуникация желілерінің, ЖСНЖ ұлттық операторының дифференциялық желілерінің және мемлекеттік органдардың

ішкі ведомстволық байланысының антенно-фидерлік құрылғылары жоқ мемлекеттік мекемелердің ғимараты мен аумағында ұялы байланыс желілері және олардың антенна-фидерлік құрылғыларын РЭҚ орнату жол беріледі.

Ескерту. Қағидалар 51-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 07.08.2024 № 476/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

52. Ұйымдастыру қағидаттары мен сауда-саттықты жүргізу:

- 1) ұсыну қатысушыларына тең мүмкіндіктер қатысу үшін сауда-саттық;
- 2) адал бәсекелестік (жарыспалылық) қатысушыларды;
- 3) үдерісінің ашықтығы ұйымның және сауда-саттықты жүргізу;
- 4) жемқорлық көріністерінің алдын алу;
- 5) сауда-саттық өткізудің жариялылығы.

53. Сауда-саттық өткізу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) ұйымдастырушының РЖС объектілерінің тізбесін және әрбір лот бойынша бастапқы бағасын радиожиілік органдар ұсынымы негізінде бекіту;

2) құрамын айқындау және бекіту, конкурстық комиссияның хатшысын анықтау;

3) жариялау туралы хабарлама сауда-саттықты өткізу;

4) қатысушылардың кепілдік жарналарды төлеуі және олар бойынша өтінімдер беруі;

5) конкурстық комиссияның өтінімдерді олардың осы Қағидалардың 60-тармағында көрсетілген қатысушыға қойылатын талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарауы;

6) тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық поштасының мекенжайына хабарлама жібере отырып, өтінімдерді ашу хаттамасын жариялау (өтінім осы Қағидалардың 60-тармағында көрсетілген қатысушыға қойылатын талаптарға сәйкес келмеген кезде);

7) қатысушылардың өз өтінімдерін өтінімдерді ашу хаттамасында көрсетілген талаптарға қайтадан сәйкес келтіруі;

8) конкурстық комиссияның өтінімдерді ашу хаттамасында көрсетілген талаптарға сәйкес келтірілген өтінімдерді қайта қарауы;

9) тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық пошта мекенжайына хабарлама жібере отырып, сауда-саттықтың екінші кезеңіне жіберу хаттамасын жариялау;

10) лот бойынша бағаны көтеруге арналған конкурс (аукцион) әдісімен сауда-саттықтың екінші кезеңін өткізу;

11) сауда-саттық нәтижелері туралы хаттаманы қалыптастыру және оған қол қою.

Жеңімпазға РЖС объектісін пайдалануға рұқсат беру лот үшін түпкілікті баға төленгеннен кейін заңнамада көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 53-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 07.08.2024 № 476/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Сауда-саттықты өткізу туралы шешімді ұйымдастырушы РЖС объектілерінің тізбесін айқындайтын радиожилік органдар ұсынымы негізінде қабылдайды.

Радиожилік органдар кейіннен уәкілетті органның бекітуі үшін конкурс (аукцион) лоттарының белгілі бір тізбесін және әрбір лот бойынша бастапқы бағаны ұсынады. Сауда-саттықтағы лоттың бастапқы бағасы РЖС пайдаланғаны үшін төлемнің кемінде бес есе жылдық ставкасымен белгіленеді.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 07.08.2024 № 476/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Ұйымдастырушы сауда-саттықты дайындау және өткізу кезінде:

1) РЖС объектілерінің тізбесін және радиожилік органдар ұсынымы негізінде әрбір лот бойынша бастапқы бағаны бекітеді;

2) қатысушылар ұсынған құжаттар мен ақпараттың дұрыстығын тексереді;

3) сауда-саттық өткізу туралы, сауда-саттықтың, конкурстық комиссияның Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып қабылдаған шешімдерінің күшін жою туралы шешім қабылдайды; ;

4) қатысушылардан ақпарат пен материалдарды сұратады;

5) конкурстық комиссияның құрамын айқындайды және бекітеді, конкурстық комиссияның хатшысын айқындайды;

6) сараптама мен консультациялар жүргізу үшін конкурстық комиссияға мамандарды, уәкілетті мемлекеттік органдар мен өзге де адамдарды тартады;

7) конкурстық комиссияның қызметін ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

8) сауда-саттықты өткізу күні мен уақытын белгілей отырып, хабарлама жариялайды;

9) сауда-саттыққа қатысушыларға консультация береді;

10) осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 55-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 07.08.2024 № 476/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастырушы атынан бірінші басшы не оның міндетін атқарушы тұлға конкурстық комиссияның құрамын бекітеді және конкурстық комиссияның хатшысын (бұдан әрі – хатшы) айқындайды.

Конкурстық комиссияның құрамына конкурстық комиссияның төрағасы мен басқа да мүшелері, алмастыру құқығынсыз кіреді. Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және кемінде бес адам, бірақ тоғыз адамнан аспауы тиіс.

57. Конкурстық комиссияны төраға басқарады. Конкурстық комиссияның төрағасы болып ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымды тұлға айқындалады.

Конкурстық комиссияның төрағасы конкурстық комиссияның қызметіне басшылық жасайды және осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

58. Конкурстық комиссия сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді (бұдан әрі – өтінім) қарайды және қатысушыларды сауда-саттықтың екінші кезеңіне жібереді.

59. Конкурстық комиссияның ұйымдастырушылық қызметін ұйымдастырушының өкілі болып табылатын хатшы қамтамасыз етеді.

Хатшы комиссияның мүшесі болып табылмайды және конкурстық комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауысы болмайды.

60. Қатысушыларға қойылатын талаптар:

- 1) тарату немесе банкроттық сатысында болмауға тиіс;
- 2) байланыс саласындағы қызмет тәжірибесі 5 (бес) жылдан кем болмауы тиіс;
- 3) Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарнаны төлеу (түбіртек).

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 22.04.2024 № 246/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Сауда-саттықты өткізу туралы хабарламаны ұйымдастырушы тізілімнің веб-порталында сауда-саттық өткізілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялайды және мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) сауда-саттық күні мен уақыты;
- 2) РЖС объектісінің атауын қамтитын лот туралы;
- 3) лоттың бастапқы бағасы;
- 4) кепілдік жарнаның мөлшері және оны аудару үшін банк деректемелері;
- 5) өтінімдерді қабылдау мерзімі;
- 6) сауда-саттықты өткізу тәртібі, оның ішінде жеңімпазды айқындау шарттары;
- 7) ұйымдастырушы және бірыңғай оператор бойынша байланыс ақпараты;
- 8) сауда-саттық туралы қосымша ақпарат.

62. Сауда-саттықты өткізу туралы хабарлама жарияланғанған дейін ұйымдастырушы тізілімнің веб-порталына әрбір лот бойынша радиожиілік органдар шешімдерінің электрондық көшірмелерін енгізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 07.08.2024 № 476/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарнаны қатысушы не қатысушының атынан кез келген басқа жеке немесе заңды тұлға бірыңғай оператордың деректемелеріне енгізеді.

Кепілдік жарнаны енгізу кезінде төлем мақсатында қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) көрсетіледі.

64. Қатысушыларға кепілдік жарналардың кез келген санын, оның ішінде әртүрлі шоттардан енгізуге жол беріледі.

65. Сауда-саттықта жеңген қатысушының кепілдік жарнасы түпкілікті бағаны төлеу жөніндегі міндеттеменің есебіне жатады.

Егер кепілдік жарнаның сомасы түпкілікті бағадан асып кеткен жағдайда, бірыңғай оператор жеңімпазға ЭЦҚ-мен көрсетілген айырманы қайтаруға арналған өтінішке тізілімнің веб-порталында қол қойған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде айырманы қайтарады.

66. Ұйымдастырушы кепілдік жарнаны мынадай жағдайларда қайтармайды:

- 1) жеңімпаз сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда;
- 2) Осы Қағидалардың 99-тармағында көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайларда жол беріледі.

Қалған барлық жағдайларда кепілдік жарналар қатысушының тізілімнің веб-порталында ЭЦҚ-мен қол қойылған кепілдік жарнаны қайтару туралы өтініште көрсететін деректемелеріне қайтарылады.

67. Тізілімнің веб-порталындағы Сауда-саттықты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сейсенбіден жұмаға дейін тағайындайды.

68. Бірыңғай оператор тізілім веб-порталының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ қатысушылардың кепілдік жарналарын қабылдайды.

Бірыңғай оператор:

1) ұйымдастырушы ЭЦҚ-мен тізілімнің веб-порталында кепілдік жарнаны аударуға арналған өтінішке қол қойған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сауда-саттықта жеңген қатысушының кепілдік жарнасын республикалық бюджет кірісіне аударады;

2) қатысушылар ЭЦҚ-мен кепілдік жарналарын қайтаруға өтініштер тізілімінің веб-порталында қол қойған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде кепілдік жарналарын басқа қатысушыларға қайтарады.

69. Қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және сауда-саттық басталғанға дейін бес минут бұрын аяқталады, содан кейін қатысушылар берілген өтінімді кері қайтара алмайды.

70. Сауда-саттыққа қатысу үшін мыналарды көрсете отырып, тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет:

1) БСН, толық атауы, Бірінші басшының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);

2) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотының деректемелерін қамтиды;

3) байланыс деректері (пошталық мекенжайы, телефон, факс, e-mail).

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы өтінімді тіркегенге дейін тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

71. Қатысушы ретінде тіркелу үшін осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттық шарттарымен келісуді қамтитын және қатысушының ЭЦҚ-сы қойылған өтінімді тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

72. Өтінімдер тізілімнің дерекқорында сақталады және сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген уақыт пен күнге дейін жүктеуге және қарауға қолжетімсіз.

73. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияның мүшелеріне сауда-саттықты дайындау мен өткізудің бүкіл кезеңі ішінде қатысушыларға қатысы бар ақпаратты жария етуге жол берілмейді.

74. Тізілім дерекқорында бірыңғай оператордың есеп шотына кепілдік жарнаның түскені туралы мәлімет болған жағдайда, тізілім веб-порталында өтінімді қабылдау және лот бойынша сауда-саттық нәтижелерін анықтауға дейін кепілдік жарнаның сомасын бұғаттау жүзеге асырылады, сондай-ақ өтінімдерді сауда-саттықтың бірінші кезеңіне жіберу жүргізіледі.

Тізілім дерекқорында бірыңғай оператордың есеп шотына кепілдік жарнаның түскені туралы мәлімет болмаған жағдайда тізілім веб-порталы өтінімді қабылдамайды.

Бірыңғай оператордың шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның өтінімдерін қарау басталғанға дейін бес минут бұрын түспеуі тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

75. Тізілімнің веб-порталы автоматты түрде тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

76. Өтінімдерді ашу тізілімнің веб-порталы арқылы сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген сауда-саттықтың күні мен уақытының басталуы бойынша автоматты түрде жүргізіледі.

77. Егер лот бойынша бірінші сауда-саттыққа өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталған сәтте бір өтінім тіркелген болса, лот бойынша екінші және кейінгі сауда-саттықты қоспағанда, мұндай сауда-саттық өткізілмеді деп танылады.

78. Егер сауда-саттық өткізілмеді деп танылса, өтінімдерді ашу жүргізілмейді және ұйымдастырушы сауда-саттық өткізілген күні ЭЦҚ пайдалана отырып тізілімнің веб-порталы қалыптастыратын өткізілмеген сауда-саттық туралы актіге қол қояды.

79. Ұйымдастырушының шешімі бойынша лотты сауда-саттықтан алу сауда-саттық басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей тізілімнің веб-порталында жүзеге асырылады.

80. Сауда-саттық екі кезеңде жүргізіледі.

Сауда-саттықтың бірінші кезеңінде өтінімдерді конкурстық комиссия мүшелері сауда-саттықтың екінші кезеңіне қатысуға жіберілген қатысушыларды анықтау мақсатында тізілім веб-порталында қарайды.

Сауда-саттықтың екінші кезеңінде бағаның арттырылуына байланысты аукцион өткізіледі.

81. Конкурстық комиссия өтінімдерді ашқан күні ұсынылған өтінімдерді қарайды және қатысушының немесе оның өтінімінің осы Қағидалардың талаптарына сәйкессіздіктері (олар болған кезде) туралы тізілімнің веб-порталында көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберілетін хабарлама арқылы қатысушыны хабардар етеді.

82. Хабарлама өтінімдерді ашу күні тізілімнің веб-порталында хатшы қалыптастыратын өтінімдерді ашу хаттамасының негізінде қалыптастырылады.

Өтінімдерді ашу хаттамасына Комиссия мүшелері ЭЦҚ пайдалана отырып, өтінімдерді ашу күні қол қояды.

Өтінімдерді ашу хаттамасына Комиссия мүшелерінің қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда хатшы қол қойылмау себебін қамтитын ақпаратты осы хаттамада көрсетеді.

83. Өтінімдерді ашу хаттамасында:

1) сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдерін қайта қарау күні мен уақыты комиссия өтінімдерді ашу хаттамасына (олар болған кезде) қол қойған күннен бастап жетінші жұмыс күніне тағайындалады;

2) сауда-саттық шарттарына сәйкес келетін қатысушылардың тізімі;

3) Сауда-саттық шарттарына сәйкес келмейтін, өтінімдерді қайта қарау күніне дейін анықталған сәйкессіздіктерді жоятын себептерін көрсете отырып, тізілім веб-порталында қатысушының ЭЦҚ қойылған қосымша өтінімді қалыптастыру жолымен қатысушылардың тізімі.

84. Сауда-саттықтың екінші кезеңіне рұқсат беру хаттамасына Комиссия мүшесінің қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда хатшы қол қоюдың болмау себебін қамтитын ақпаратты осы хаттамада көрсетеді.

85. Сауда-саттықтың екінші кезеңіне қатысушыларға рұқсат беру туралы комиссияның шешімі барлық қатысушыларды электрондық пошта арқылы автоматты

түрде хабардар ете отырып, сауда-саттықтың екінші кезеңіне рұқсат беру хаттамасына Комиссия мүшелерінің ЭЦҚ-сын пайдалана отырып қол қою уақытымен тізілімнің веб-порталында автоматты түрде жарияланады.

86. Сауда-саттықтың екінші кезеңіне жіберу хаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) себебін көрсете отырып, сауда-саттықтың екінші кезеңіне қатысуға жіберілмеген қатысушылардың тізімі;

2) сауда-саттықтың екінші кезеңін өткізу күні мен уақытын көрсете отырып, сауда-саттықтың екінші кезеңіне қатысуға жіберілген қатысушылардың тізімі.

87. Бағаны көтеруге арналған конкурсты (аукционды) өткізу күні мен уақытын тізілім веб-порталында кемінде екі қатысушының сауда-саттықтың екінші кезеңіне рұқсат беру хаттамасы тізілім веб-порталында жарияланған күннен бастап бірінші жұмыс күніне (бастапқы баға бойынша сауда-саттықтың екінші кезеңін өткізбей жалғыз қатысушыға лот сатылуы мүмкін екінші және кейінгі сауда-саттықтарды қоспағанда) тізілім веб-порталы автоматты түрде тағайындайды. Егер лот бойынша бірінші сауда-саттықтың екінші кезеңіне жалғыз қатысушы жіберілген болса, онда ұйымдастырушы ЭЦҚ-мен тізілім веб-порталында қалыптастырылатын өткізілмеген сауда-саттық туралы актіге қол қояды.

88. Сауда-саттықтың екінші кезеңіне жіберілген қатысушылар ол басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ және тізілім веб-порталы беретін аукцион нөмірін пайдалана отырып тізілім веб-порталының аукцион залына кіреді.

89. Сауда-саттықтың екінші кезеңі веб-порталмен белгіленген уақытта басталады және келесідей жүргізіледі:

1) сауда-саттықтың екінші кезеңі басталған сәтте аукцион залында қатысушылардың лот үшін баға ұсыныстары бейнеленеді, олар сауда-саттық шарттарын сақтай отырып, лотты сатып алуға олардың келісімін білдіру нысаны болып табылады және бастапқы баға қалыптасады;

2) сауда-саттықтың екінші кезеңі басталған сәттен бастап қатысушыға осы Қағидалардың 91-тармағына сәйкес белгіленген қадамға басқа қатысушының ағымдағы ең жоғары бағасын арттыру мүмкіндігі беріледі;

3) Егер сауда-саттықтың екінші кезеңі басталғаннан бастап он минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі ең жоғары ағымдағы бағаны арттырмаса, онда оны ұсынған қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал осы лот бойынша сауда-саттық өтті деп танылады;

4) Егер аукцион залында сауда-саттықтың екінші кезеңі басталғаннан бастап он минут ішінде қатысушылардың бірі осы Қағидалардың 91-тармағына сәйкес белгіленген қадамға басқа қатысушының ағымдағы ең жоғары бағасын ұлғайту жолымен лотты сатып алуға өзінің ниетін растаса, онда ағымдағы баға белгіленген қадамға ұлғайтылады;

5) Егер ағымдағы баға ұлғайғаннан кейін он минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі ағымдағы бағаны ұлғайту жолымен лотты сатып алу ниетін растамайтын болса, онда лотты сатып алу ниетін соңғы растаған қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал сауда-саттық өтті деп танылады;

6) Егер сауда-саттықтың екінші кезеңі аяқталған сәтте сағат 17:00-де жеңімпаз айқындалмаса, онда лотты сатып алуға өзінің ниетін растаған соңғы қатысушы жеңімпаз деп танылады, ал осы лот бойынша сауда-саттық өтті деп танылады.

90. Егер сауда-саттықтың екінші кезеңі басталған сәтте екі және одан көп қатысушының баға ұсыныстары лот үшін бірдей ең жоғары бағаны қамтитын болса және осы ағымдағы баға он минут ішінде ұлғайтылмаса, онда өтінімі ұсыныстары бірдей ең жоғары бағаны қамтитын қатысушылардың басқа өтінімдерінен бұрын қабылданған қатысушы осы қатысушылардың арасында жеңімпаз болып танылады.

91. Сауда-саттықтың екінші кезеңі кезінде бағаның өзгеру қадамы былайша белгіленеді:

1) айлық есептік көрсеткіштің 20000 еселенген мөлшерінде бастапқы немесе ағымдағы бағасы кезінде өзгерту қадамы 10 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

2) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 20000-нан 50000 еселенген мөлшерінде бастапқы немесе ағымдағы баға кезінде өзгерту қадамы 7 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

3) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 50000 еселенген мөлшерінен 100000 еселенген мөлшеріне дейінгі бастапқы немесе ағымдағы баға кезінде өзгерту қадамы 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

4) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 100000 еселенген мөлшерінен 250000 еселенген мөлшеріне дейінгі бастапқы немесе ағымдағы баға кезінде өзгерту қадамы 2,5 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

5) бастапқы немесе ағымдағы баға айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 250000 еселенгеннен 500000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде және одан жоғары болған кезде өзгерту қадамы 1 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

6) бастапқы немесе ағымдағы баға айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 500000 еселенген мөлшерінде және одан жоғары болған кезде өзгерту қадамы 0,5 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

92. Сауда-саттықтың екінші кезеңі барысында сауда-саттыққа қатысуға кедергі келтіретін техникалық іркіліс туындаған кезде қатысушы:

1) бірыңғай оператордың байланыс деректері бар электрондық хабарламаны қатысушының мониторуна шығару жолымен тізілім веб-порталымен тұрақты байланыс болмаған сәттен бастап 30 секунд ішінде хабардар етіледі;

2) телефон немесе электрондық хабарлама арқылы дереу бұл туралы бірыңғай оператордың байланыс деректері бойынша хабардар етеді.

93. Бірыңғай оператор техникалық іркіліс фактісін тіркейді және ол тізілімнің веб-порталы жағында болған кезде ақпаратты тізілімнің веб-порталында орналастыру арқылы барлық қатысушыларды хабардар етеді.

94. Қатысушының компьютерлік және/немесе телекоммуникациялық жабдығының техникалық ақаулығы кезінде сауда-саттықтың екінші кезеңі жалғасады.

95. Осы Қағидалардың 92-тармағында көрсетілген тізілімнің веб-порталының сауда-саттықтың екінші кезеңін өткізуге кедергі келтіретін техникалық іркіліс фактісі болған жағдайда, бірыңғай оператор бұл туралы ұйымдастырушыны жазбаша хабардар етеді және сауда-саттықты тізілімнің веб-порталында ақпаратты орналастыру және тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына электрондық хабарлама жіберу арқылы сауда-саттыққа қатысқан қатысушыларды осы сауда-саттықты жалғастырудың күні мен уақыты туралы міндетті түрде алдын ала хабардар ете отырып, техникалық іркілісті түзеткен күннен кейін келесі жұмыс күніне ауыстырады.

96. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама тізілім веб-порталында қалыптастырылады және ұйымдастырушы мен жеңімпаздың ЭЦҚ-сын пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні қол қояды.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама сауда-саттық нәтижелерін және жеңімпаздың түпкілікті бағаны төлеу, сондай-ақ заңнамада белгіленген мерзімде рұқсат алу міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады.

97. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамада мынадай деректер қамтылады:

- 1) сауда-саттық туралы мәліметтер;
- 2) РЖС объектісі туралы мәліметтер;
- 3) жеңімпаз туралы мәліметтер және оның міндеттемелері көрсетіледі.

98. Жеңімпаз сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға белгіленген мерзімде қол қоймаған жағдайда, ұйымдастырушы ЭЦҚ-мен тізілімнің веб-порталында сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды және осы лот бойынша күші жойылған сауда-саттық шарттарымен сауда-саттық қайтадан өткізіледі. Бұл ретте жеңімпаз өзі енгізген кепілдік жарнаны жоғалтады.

99. Жеңімпаз:

1) сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамада көрсетілген деректемелер бойынша лот үшін түпкілікті бағаны (төленген кепілдік жарнаны шегергенде) республикалық бюджет кірісіне аударуға міндетті;

2) лот үшін түпкілікті бағаның 10% - дан астамын төлеу күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ұйымдастырушы ол туралы мәліметтерді тізілімнің веб-порталына екі күн мерзімде енгізетін рұқсат алуға құқылы.

Алайда, уәкілетті органмен келісім бойынша жеңімпазға лот үшін түпкілікті бағаны төлеуді сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 6 (алты) айдан аспайтын мерзімге кейінге қалдыруға болады.

100. Жеңімпаз осы Қағидалардың 99-тармағында белгіленген міндеттемелерді бұзған жағдайда, ұйымдастырушы сауда-саттықты өтпеді деп тану туралы шешім қабылдайды, тізілімнің веб-порталында ЭЦҚ-мен сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды және осы лот бойынша күші жойылған сауда-саттық шарттарымен сауда-саттық қайтадан өткізіледі. Бұл ретте жеңімпаз өзі енгізген кепілдік жарнаны және конкурстың (аукционның) осы лоты бойынша қайта қатысу құқығын жоғалтады.

101. Қатысушылар лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ ұйымдастырушының, конкурстық комиссияның актілеріне (шешімдеріне) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дау айтуға құқылы.

102. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

6-тарау. Ұялы байланыс желілерінде ұялы байланыс сигналы күшейткіштерін (репитерлерді, активті ретрансляторларды) пайдалану және заңсыз пайдаланылатын күшейткіштердің жұмысын тоқтату тәртібі.

Ескерту. 6-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 07.08.2024 № 476/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 6-тараумен толықтырылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 31.01.2023 № 35/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

103. Пассивті ретрансляторларды қоспағанда, ұялы байланыс желілерінде ұялы байланыс сигналын күшейткіштерді (репитерлер, активті ретрансляторлар) қолданғысы келетін ұялы байланыс абоненттері байланыс сапасын жақсарту үшін өзі абоненті болып табылатын ұялы байланыс операторына ұялы байланыс сигналын күшейткіштерді (репитерлер, активті ретрансляторлар) орнатуға жазбаша келісім алу үшін жүгінеді.

Ұялы байланыс операторы талдау жүргізеді, оның нәтижелері бойынша ұялы байланыс сигналының күшейткіштерін (репитерлер, активті ретрансляторлар) орнату қажеттілігі туралы шешім қабылдайды.

Ұялы байланыс абонентінің сұранысы қанағаттандырылған кезде, абонент ұялы байланыс сигналының күшейткіштерін (репитерлер, активті ретрансляторлар)

орнатуды дербес жүзеге асырады. Ұялы байланыс операторы сондай-ақ ұялы байланыс абонентіне сигналды қабылдау сенімсіз аймақтарда ұсынылатын байланыс қызметтерінің сапасын жақсарту бойынша ықтимал баламалы нұсқаларды ұсынады.

104. Ұялы байланыс сигналын күшейткіштер (репитерлер, активті ретрансляторлар) жол берілмейтін кедергілер тудырмайды және кестеге сәйкес рұқсат беру құжаттарының негізінде жұмыс істейтін РЭҚ тарапынан кедергілерден қорғауды талап етпейді. Ұялы байланыс сигналын күшейткіштер тарапынан кедергілер туындаған кезде (репитерлер, активті ретрансляторлар) ұялы байланыс операторлары өкілетті органға ақпарат жолдауы қажет.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 07.08.2024 № 476/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жиіліктер белдеулерін
радиожіліктерді (радиожілік
арналарын) иелікке беру,
радиоэлектрондық құралдар
мен жоғары жиілікті құрылғыларды
пайдалану, сондай-ақ азаматтық
мақсаттағы радиоэлектрондық
құралдардың электромагниттік
үйлесімділігін есептеуді
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың тізбесі*

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 22.04.2024 № 246/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 19.09.2024 № 564/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

№	Радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құралдардың түрлері	Жиілік диапазоны (дейін)	Таратқыштың рұқсат етілген сәуле шығару қуаты, Өріс кернеулігі	Пайдаланылатын арнаның ені	Ескертпе
1	2	3	4	5	6
1.	Радиосәуле шығару құрылғыларына н тұрмайтын тұрмыстық техника бұйымдары мен тұрмыстық		—		

	радиоқабылдағыш құрылғылары				
2.	Тұрмыстық мақсаттағы жоғары жиілікті құрылғылар		–		
3.	Сымсыз радиоға қолжетімділік жүйесінің (WLL, "нүкте-нүкте" топологиясы бар радиокөпір режиміндегі қолданылатын терминалдарды қоспағанда), ұялы байланыс желілерінің (мобильді телефондар, сонымен қатар ұялы байланыс желілерінде қолданылатын модемдер, сондай-ақ пассивті ретрансляторлар), соның ішінде бекітілген немесе басқа қондырғылардың құрамына кіретін абоненттік терминалдар	–	–		
4.	DECT стандарты абоненттік терминалдар	1880 – 1900 МГц	–		Еуропа байланыс стандарттары институты қабылдаған ETS –300 175 стандартына сәйкес; базалық және абоненттік станциялардың таратқыштарының орташа қуаты 10 мВт-тан аспауы қажет; антенналардың күшейту

					коэффициенті 18 дБи–дан артық болмауы қажет.
5.	Сымсыз телефон аппараттары (радиотелефондар)	814–815 / 904–905 (25 кГц жиіліктер торы қадамымен); 2400 МГц	10 мВт э.и.с.к.		
6.	Сөйлеуді синхронды аудару аппаратурасы (индуктивті және синхронды)				
7.	Репортаждық және концерттік радиомикрофондар	165,70; 166,10; 166,50; 167,15 МГц	20 мВт э.и.с.к.		
8.	"Караоке" үлгісіндегі радиомикрофондар	66–74 МГц; 97,5–92 МГц; 87,5–92 МГц	10 мВт э.и.с.к.		
9.	Репортаждық және концерттік радиомикрофондар	151–216 МГц; 175–230; 470–638; 710–726 МГц	5 мВт э.и.с.к.		
10.	Индуктивті телефон байланысы, телебақылау және сигнализация құралдары, кәбілді хабар тарату және өнеркәсіптік, оның ішінде шахталарда пайдаланылатын жоғары жиілікті телевизиялық жүйелер		–		
11.	Автомашиналардың күзет радиосигнализация құрылғылары	26,960 МГц	2 Вт э.и.с.к.		
		433,073–434,790 МГц	5 мВт э.и.с.к.		
12.	Күзет сигнализациясы мен хабарлауды	433,075–434,79 МГц	10 мВт э.и.с.к.		

	қашықтықтан басқару құрылғылары				
13.	Модельдерді (ұшақтардың, катерлердің және т.б.) радиобасқару аппаратурасы	28,0–28,2 МГц; 40,66–40,70 МГц	10 мВт э.и.с.к.		
14.	Балалар радиосөйлесу құрылғылары мен радиобасқару ойыншықтары	26957–27283 кГц	10 мВт э.и.с.к.		
15.	Штрихкодты этикеткаларды өңдеуге және осы этикеткалардан алынған ақпаратты таратуға арналған радиоэлектронды құралдар	430 МГц	10 мВт э.и.с.к.		
16.	Есту кемістігі бар адамдарға арналған есту-сөйлеу радиотренажерлері		10 мВт э.и.с.к.		
17.	Кеңселік, қоймалық ғимараттар ішінде пайдаланылатын радиоэлектронды құралдар (санауыштар, өлшеуіштер және т.б.)		250 мВт э.и.с.к.		
18.	ОТ – диапазондағы РЭҚ (27 МГц)	26970– 27410; 27410– 27860 кГц			
		151,625; 159,775; 462,5625; 462,5875; 462,6125;			

19.	Қуаты 2 Вт-ка дейін аз қуатты алып жүруге болатын РЭҚ	462,6375; 467,5625; 467,5875; 467,6125; 467,6375; 467,6625; 467,6875; 467,7125 МГц	2 Вт э.и.с.к.		
		433.075–434.775 (LPD)	10 мВт дейін э.и.с.к.		Аз қуатты жылжымалы радиобайланыс құрылғылары үшін (LPD)
		446.000–446.100 (PMR)	500 мВт дейін э.и.с.к.		Жылжымалы радиобайланыс жеке пайдалану үшін (PMR)
20.	Күзет-өрт радиосигнализациясының абоненттік құрылғылары		5 Вт э.и.с.к.		
	SRD – әрекет ету радиусы аз құрылғылар	6765–6795 кГц	42 дБмкА/м 10 м қашықтықта		
		13.553–13.567 МГц	42 дБмкА/м 10 м қашықтықта		
		26.957–27.283 МГц	42 дБмкА/м 10 м қашықтықта 10 мВт		
		40.660–40.700 МГц	10 мВт э.с.к.		
